

«Жанубий Қозоғистон» облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жиналысының

ХАТТАМАСЫ

№ 02

Шымкент қаласы

26.06.2024 ж

Төрағасы: Абубакиров Муратжан Абдинабиұлы

Хатшы: Османова Шахназа Ергешқызы

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ ҚР Еңбек кодексінде өзгерістерге ақпараттық түсіндірме жұмыстары туралы.

Төрағалық етуші М.Абубакиров: Құрметті әріптестер жиналысты ашық деп жариялап, Түркістан облысы даму басқармасының тапсырмасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының жемқорлыққа қарсы саясатының 2022- 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және ҚР Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 Жарлығы), ҚР Еңбек Кодексі (ҚР Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414V ҚРЗ) таныстыру, сондай-ақ «Жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау» мақсатында ақпараттық түсіндірмесін таныстырып түсіндіру үшін әкімшілік бөлімінің бас редактордың орынбасары А.Боранбаевқа сөз берді..

А.Боранбаев: Түсіндірме жұмысының негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуға, мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, Қазақстан азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстырып, оны болдырмау мақсатында және сыбайлас жемқорлық іс-әрекетіне жол бергені үшін жауапкершілік пен оның зардаптары туралы атап өтіп, толыққанды мәлімет берді. Сонымен қатар еңбек заңдарының 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 23.11.2015 № 414-V Кодексімен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.05.2020 № 321-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2020 № 386-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.07.2021 № 61-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2023 № 15-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен. Жиналыс соңында мәселелер жан-жақты талқыланды, мекеме қызметкерлері тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауап берілді. Жиналыс төрағасы М.Абубакиров жиналысты қорытындылады.

Жиналыс төрағасы:
Хатшы:



М.Абубакиров.
Ш.Османова.